

**"Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6 -3/597 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 4 маусымдағы № 186 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 10 маусымда № 34465 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің м.а. 2025 жылғы 13 мамырдағы № 91-НҚ бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің м.а. 13.05.2025 № 91-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12714 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларында:

2-тармақта:

3) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) өтпелі өтінім (бұдан әрі – өтінім) – су беруші АШТӨ-ге (көрсетілетін қызметті алушыларға) жеткізген суару суы үшін субсидиялар алуға арналған электрондық өтінім;"

мынадай мазмұндағы 12-2) тармақшамен толықтырылсын:

"12-2) су пайдаланушы – өз мұқтаждарын және (немесе) коммерциялық мүдделерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су ресурстарын пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;"

3, 4, және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – Басқарма (көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

"Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшада жазылған.

Басқарма (көрсетілетін қызметті беруші) мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

4. АШТӨ-ге (көрсетілетін қызметті алушыларға) жеткізілген су көлемі су бөлу нүктесінде су берушінің немесе су пайдаланушының есепке алу аспаптарының не бірыңғай өлшемдерді қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген өлшеу құралдары мен құрылғыларының көрсеткіштері бойынша анықталады.

5. Жеткізілген судың 1 (бір) текше метріне (бұдан әрі –  $m^3$ ) бөлінетін субсидиялар мөлшері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің тиісті аумақтық департаменті АШТӨ (көрсетілетін қызметті алушылар) үшін "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Табиғи монополиялар туралы заң) сәйкес бекітілген тарифтерге пайыздық қатынаста, осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген сатып алынған суаратын судың 1 (бір)  $m^3$  арналған субсидиялар мөлшеріне сәйкес сараланып белгіленеді.

Осы Қағидалар шеңберінде субсидиялау кезінде АШТӨ (көрсетілетін қызметті алушылар) су берушіге қолданыстағы тариф пен тарифтің субсидияланатын бөлігі арасындағы айырманы төлейді, қалған бөлігі су берушіге субсидия түрінде төленеді. Бұл ретте субсидияларды төлеудің барлық шарттары су беруші мен АШТӨ (көрсетілетін қызметті алушылар) арасындағы шартта жазылады.";

8-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8-1. Субсидия беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын СМАЖ-да іркіліс болған жағдайда, Басқарма (көрсетілетін қызметті беруші) туындаған жағдай туралы Министрлікті дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған іркілісті жою жөніндегі жұмыстар жүргізілгеннен кейін Министрлік 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оны СМАЖ-ға орналастырады.

Портал мен веб-порталдың ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады."

мынадай мазмұндағы 8-2 және 8-3-тармақтармен толықтырылсын:

"8-2. Субсидиялар алу үшін пайдаланылған электрондық шот-фактураларды кері қайтарып алуға, жоюға және түзетуге жол берілмейді.

Электрондық шот-фактура ЭШФ АЖ-дан СМАЖ-ға өтінім бергенге дейін ЭШФ АЖ-да контрагентті растай отырып, "сұрақ-жауап" режимінде сұратылады (сұратылған электрондық шот-фактура субсидияларды алу үшін электрондық шот-фактураны пайдалануды растау кезінде ЭШФ АЖ-да автоматты түрде бұғатталады).

Субсидияларды алу үшін пайдаланылған электрондық шот-фактуралар қайтарып алынған, жойылған және түзетілген жағдайларда, су беруші алынған субсидияларды Басқармаға (көрсетілетін қызметті берушіге) қайтарады.

8-3. Өтінім ауыл шаруашылығы кооперативінен немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес бірлескен шаруашылық қызмет (бұдан әрі – бірлескен қызмет) туралы шарт негізінде әрекет ететін АШТӨ-ден (көрсетілетін қызметті алушыдан) немесе бірлескен кәсіпкерлік нысанында ұйымдастырылған шаруа немесе фермер қожалығынан берілген жағдайда, ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелерінде немесе бірлескен шаруашылық қызметі туралы шарттың көшірмесін қоса бере отырып, бірлескен қызмет шартына қатысушыларда немесе шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінде тіркелген жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуын растай отырып, субсидия беруге жол беріледі.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы кооперативіне мүшелік ауыл шаруашылығы кооперативі мүшелерінің жалпы жиналысының ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелеріне қабылдау туралы шешімінен үзінді-көшірменің электрондық көшірмесін өтінімге қоса тіркеу жолымен расталады.

Шаруа немесе фермерлік қожалыққа мүшелік Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің деректерімен салыстырып-тексеру арқылы расталады."

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) АШТӨ-нің (көрсетілетін қызметті алушылардың) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша портал арқылы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидиялар алуға өтінім беруі;

2) өтінімді СМАЖ-да тіркеу.

Веб-порталда жеке шоттың болуы АШТӨ-нің (көрсетілетін қызметті алушылардың) СМАЖ-да өтінімді тіркеуді өз бетінше жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл жағдайда өтінімді беру талап етілмейді және ол мұндай тіркелген сәттен бастап берілген болып саналады;

3) СМАЖ-да АШТӨ-нің (көрсетілетін қызметті алушылардың) және су берушілердің жеке шотының болуы, оның деректері СМАЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған;

4) СМАЖ бен электрондық шот-фактураларды қабылдау мен өңдеу жөніндегі ақпараттық жүйенің (бұдан әрі – ЭШФ АЖ) ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде суаратын суды беру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жұмсалған шығындардың расталуы (су берушінің тиісті электрондық шот-фактурасының болуы);

5) АШТӨ-де (көрсетілетін қызметті алушыларда) СМАЖ-дың мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған, тиісті алаңда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы.";

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Веб-портал (бұдан әрі – "жеке кабинет") арқылы тізілім деректеріне қолжетімділік беру үшін АШТӨ-нің (көрсетілетін қызметті алушылардың) және су берушінің СМАЖ-да өз бетінше тіркелуі үшін ЭЦҚ-сы болуы тиіс;

Басқарма (көрсетілетін қызметті беруші) жыл сайын Министрлікке ЭЦҚ-сы бар өз жұмыскерлерінің өзектендірілген тізімін жолдайды.

14. "Жеке кабинетте" тіркелу үшін АШТӨ (көрсетілетін қызметті алушылар) және су берушілер мыналарды көрсетеді:

1) дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), аты, әкесінің аты (бар болса), тегі;

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы, бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және ЖСН-сы ;

3) байланыс деректері (пошталық мекенжайы, телефоны, электрондық мекенжайы);

4) субсидиялар алу үшін су берушінің екінші деңгейлі банктегі банктік шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде АШТӨ (көрсетілетін қызметті алушылар) немесе су берушілер 1 (бір) жұмыс күні ішінде "жеке кабинетте" деректерін өзгертеді.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. АШТӨ (көрсетілетін қызметті алушы) веб-порталда өтінімді тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Басқарманың (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты қызметкері веб-порталда қалыптастырылған тиісті хабарламаға ЭЦҚ пайдалана отырып, қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды. Бұл хабарлама АШТӨ-нің (көрсетілетін қызметті алушының) және су берушінің "жеке кабинетінде" қолжетімді болады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Басқарманың (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты қызметкері осы Қағидалардың 16-тармағына сәйкес Басқарма (көрсетілетін қызметті беруші) өтінімнің қабылданғанын растағаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде веб-порталда "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесінде жүктелетін, субсидия төлеуге арналған төлем шотын қалыптастырады.

Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия беру туралы хабарлама не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі болып табылады.

Тиісті айға арналған қаржыландыру жоспарына сәйкес су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға көзделген қаражат жетіспеген кезде өтінім резервке (күту парағына) келіп түседі.

Өтінімді резервке (күту парағына) енгізу туралы ақпарат СМАЖ-да көрсетіледі. Өтінімнің резервте (күту парағында) болу кезеңі мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне қосылмайды.

Резервке (күту парағына) келіп түскен өтінімдер бойынша субсидиялар төлеу келесі айда өтінімдер келіп түскен күні мен уақытқа сәйкес не ағымдағы қаржы жылында не келесі қаржы жылында қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде кезектілік бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі портал мен СМАЖ-дың өзара іс-қимылы арқылы АШТӨ (көрсетілетін қызметті алушы) және су беруші СМАЖ-да тіркелген кезде көрсеткен электрондық почта мекенжайына және АШТӨ-нің (көрсетілетін қызметті алушының) және су берушінің СМАЖ-дағы "жеке кабинетіне" жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы 18-2-тармағымен толықтырылсын:

"18-2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына және Басқармаға (көрсетілетін қызметті берушіге) жібереді.

Министрлік пен Басқарма (көрсетілетін қызметті беруші) осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде

мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

1, 2, 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі*

*А. Сапаров*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бәсекелестікті қорғау және  
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Су ресурстары және  
ирригация министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігі

Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
2024 жылғы 4 маусымдағы  
№ 186 бұйрығына  
1-қосымша  
Ауыл шаруашылығы  
тауарларын өндірушілерге су  
беру бойынша көрсетілетін  
қызметтердің құнын  
субсидиялау қағидаларына  
1-қосымша

**"Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын  
субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі**

|   |                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                            |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы                                                                   | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.                                 |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері                                                       | Жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) өтінімдерін қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру СМАЖ веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі                                                                      | 3 (үш) жұмыс күні<br>Өтінімнің резервте (күту парағында) болу кезеңі<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне енгізілмейді.                                                                                 |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны                                                                       | Электрондық (ішінара автоматтандырылған).                                                                                                                                                                  |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі                                                                     | Субсидия беру туралы хабарлама не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.                                                       |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан | Тегін.                                                                                                                                                                                                     |

|   |                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   | Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі                                     | <p>1) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);</p> <p>2) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған.</p> |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі | <p>Көрсетілетін қызметті алушы порталға көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12714 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсынады.</p>                                                                                                                                    |
|   |                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |

|    |                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 9  | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер              | <p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің және мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін келісімінің болмауы.</p>                                                                                                                                       |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті" және бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.</p> <p>Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және көрсетілетін қызметті берушілер Қағидалар өзгерген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.</p> |

№ 186 бұйрығына  
2-қосымша  
Ауыл шаруашылығы  
тауарларын өндірушілерге су  
беру бойынша көрсетілетін  
қызметтердің құнын  
субсидиялау қағидаларына  
2-қосымша

Нысан

(Кімге) \_\_\_\_\_  
(облыстың, Астана, Алматы  
және Шымкент қалаларының  
жергілікті атқарушы органы)  
(кімнен)

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның атауы немесе  
жеке тұлғаның  
(дара кәсіпкердің)  
аты, әкесінің аты  
(бар болса), тегі)

**Су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидиялар алуға арналған өтінім 20 \_\_\_\_  
жылғы \_\_\_\_\_ айы үшін**

1. Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші (ауыл шаруашылығы кооперативі)

\_\_\_\_\_;

(атауы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, байланыс телефоны)

2. Өтінім беруші туралы мәліметтер:

1) өтінім берушінің мекенжайы \_\_\_\_\_  
(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй, телефон)

2) өтінім берушінің деректемелері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_;

(жеке тұлғалар (дара кәсіпкер) үшін – жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды  
тұлғалар үшін – бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), бірінші  
басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және жеке сәйкестендіру нөмірі)

3) дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама – жеке  
тұлға үшін

\_\_\_\_\_;

4) кәсіпкерлік субъектісінің санаты \_\_\_\_\_;

5) экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша коды (ЭҚТЖ)

\_\_\_\_\_.

3. Ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелері туралы мәліметтер:

|  |  |  |
|--|--|--|
|  |  |  |
|--|--|--|

|   |                                                                     |                                                                             |
|---|---------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|
| № | Жер учаскесі тіркелген ауыл шаруашылығы кооперативі мүшесінің атауы | Жер учаскесі тіркелген ауыл шаруашылығы кооперативі мүшесінің БСН-сы/ЖСН-сы |
| 1 | 2                                                                   | 3                                                                           |

4. Жер пайдалану немесе жеке меншік құқығында тиесілі жер учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат.

| Р/с № | Суармалы танаптың кадастрлық нөмірі | Алаңы, гектар (бұдан әрі – га) |                      | Нысаналы мақсаты | Жер учаскесі иесінің немесе жер пайдаланушының атауы |
|-------|-------------------------------------|--------------------------------|----------------------|------------------|------------------------------------------------------|
|       |                                     | барлығы                        | оның ішінде суармалы |                  |                                                      |
| 1     | 2                                   | 3                              | 4                    | 5                | 6                                                    |

Суармалы танаптың алаңы осы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында тиесілі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің алаңынан аспайды.

5. Суару көзі туралы мәлеметтер:

1) су көзінің атауы \_\_\_\_\_

;

(өзен, бұлақ, суландыру жүйесі, субөлгіш, сутаратқыш)

2) су берушінің тарифі (теңгемен) \_\_\_\_\_

;

3) су берушімен жасалған су беру бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну туралы шарттың көшірмесі \_\_\_\_\_;

4) бірлік өлшемдерін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген есепке алу аспабының не өлшеу құралы мен құрылғысының атауы, су үнемдейтін технологияларды енгізу актісінің нөмірі және күні \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_.

6. Ауыл шаруашылығы дақылдарының өсірілетін түрлері бойынша суаратын суды тұтыну көлемі:

| Егілетін дақыл | Егіс алаңы, га | оның ішінде суару тәсілдері бойынша |                                |                                   |                                         |                                       |                               |
|----------------|----------------|-------------------------------------|--------------------------------|-----------------------------------|-----------------------------------------|---------------------------------------|-------------------------------|
|                |                | жерүстімен суару, га                | тамшылатып (жерасты) суару, га | айналдыра жаңбырлатқыш машина, га | алдыңғы жағынан жаңбырлатқыш машина, га | барабан типті жаңбырлатқыш машина, га | стационарлық суару жүйесі, га |
|                |                |                                     |                                |                                   |                                         |                                       |                               |

кестенің жалғасы

| су тұтыну көлемі, мың текше метр (бұдан әрі – м <sup>3</sup> ) |              |  |                            |              |  |                                       |              |  |
|----------------------------------------------------------------|--------------|--|----------------------------|--------------|--|---------------------------------------|--------------|--|
| жерүстімен суару                                               |              |  | тамшылатып (жерасты) суару |              |  | айналдыра жаңбырлатып суаратын машина |              |  |
|                                                                | с у тұтынуды |  |                            | с у тұтынуды |  |                                       | с у тұтынуды |  |
| алаң, га                                                       |              |  | алаң, га                   |              |  | алаң, га                              |              |  |

|  |                                       |                                      |  |                                       |                                      |  |                                       |                                      |
|--|---------------------------------------|--------------------------------------|--|---------------------------------------|--------------------------------------|--|---------------------------------------|--------------------------------------|
|  | ң үлестік нормасы, м <sup>3</sup> /га | су тұтыну көлемі, м <sup>3</sup> /га |  | ң үлестік нормасы, м <sup>3</sup> /га | су тұтыну көлемі, м <sup>3</sup> /га |  | ң үлестік нормасы, м <sup>3</sup> /га | су тұтыну көлемі, м <sup>3</sup> /га |
|--|---------------------------------------|--------------------------------------|--|---------------------------------------|--------------------------------------|--|---------------------------------------|--------------------------------------|

### кестенің жалғасы

|                                                 |                                                    |                                      |                                   |                                                    |                                      |                           |                                                    |                                      |
|-------------------------------------------------|----------------------------------------------------|--------------------------------------|-----------------------------------|----------------------------------------------------|--------------------------------------|---------------------------|----------------------------------------------------|--------------------------------------|
| су тұтыну көлемі, мың текше метр м <sup>3</sup> |                                                    |                                      |                                   |                                                    |                                      |                           |                                                    |                                      |
| алдыңғы жағынан жаңбырлатып суаратын машина     |                                                    |                                      | барабан типті жаңбырлатқыш машина |                                                    |                                      | стационарлық суару жүйесі |                                                    |                                      |
| алаң, га                                        | с у тұтынуды ң үлестік нормасы, м <sup>3</sup> /га | су тұтыну көлемі, м <sup>3</sup> /га | алаң, га                          | с у тұтынуды ң үлестік нормасы, м <sup>3</sup> /га | су тұтыну көлемі, м <sup>3</sup> /га | алаң, га                  | с у тұтынуды ң үлестік нормасы, м <sup>3</sup> /га | су тұтыну көлемі, м <sup>3</sup> /га |

### кестенің жалғасы

|                                                                                                                                                                                              |                                                  |                                      |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------|--------------------------------------|
| Атырау, Ақтөбе, және Батыс Қазақстан облыстарында механикаландырылған су көтеру арқылы көлтабандап суару жүйелерін қолдана отырып өсірілетін көпжылдық азықтық дақылдар үшін, м <sup>3</sup> |                                                  |                                      |
| алаң, га                                                                                                                                                                                     | су тұтынудың үлестік нормасы, м <sup>3</sup> /га | су тұтыну көлемі, м <sup>3</sup> /га |

7. Су берушінің екінші деңгейлі банктегі ағымдағы шоты туралы мәліметтер:

1) банктің атауы \_\_\_\_\_;

2) субсидиялар алу үшін екінші деңгейдегі банктегі банктік шоттың деректемелері

\_\_\_\_\_;

3) банктік сәйкестендіру коды \_\_\_\_\_;

4) корреспонденттейтін шот \_\_\_\_\_;

5) БСН \_\_\_\_\_;

6) бенефициар коды \_\_\_\_\_.

8. Алынған суару суына бастапқы төлем құжаттары \_\_\_\_\_.

(төлем құжатының нөмірі)

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілген қызмет бойынша деректерді бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға беруге келісім беремін.

Өтінім беруші 20\_\_\_\_жылғы "\_\_\_\_" сағат\_\_\_\_\_ қол қойып, жіберді.

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ-ның қойылған күні мен уақыты

Өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама:

Өтінім 20\_\_\_\_жылғы "\_\_\_\_" сағат\_\_\_\_\_ қабылданды.

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ-ның қойылған күні мен уақыты.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
2024 жылғы 4 маусымдағы  
№ 186 бұйрығына  
3-қосымша  
Ауыл шаруашылығы  
тауарларын өндірушілерге су  
беру бойынша көрсетілетін  
қызметтердің құнын  
субсидиялау қағидаларына  
3-қосымша

Нысан

### Субсидия беру туралы хабарлама

Құрметті \_\_\_\_\_

(ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы)

Сіздің 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ өтініміңіз бойынша су берушінің № \_\_\_\_\_ есептік шотына 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ төлем тапсырмасымен \_\_\_\_\_ теңге мөлшерінде субсидия сомасы аударылғаны туралы хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
2024 жылғы 4 маусымдағы  
№ 186 бұйрығына  
4-қосымша  
Ауыл шаруашылығы  
тауарларын өндірушілерге су  
беру бойынша көрсетілетін  
қызметтердің құнын  
субсидиялау қағидаларына  
6-қосымша

Өкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне

Өкімшілік деректердің нысаны [www.gov.kz](http://www.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

### Суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге арналған субсидияларды пайдалану туралы есеп

Өкімшілік деректер нысанының индексі: № 14-СБҚСП

Кезеңділігі: жыл сайын

Есепті кезең: 20\_\_ жыл

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: облыстық ауыл шаруашылығы басқармалары

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жыл сайын, есеп беретін жылдан кейінгі жылдың қорытындысы бойынша 31 желтоқсаннан кешіктірмей.

| Р/с № | А у ы л шаруашылығы тауарын өндірушінің немесе ауыл шаруашылығы кооперативінің (бұдан әрі – АШТӨ) атауы | АШТӨ-нің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес сәйкестендіру нөмірі) | Кәсіпкерлік субъектісінің санаты (ірі, орташа, шағын) | Шаруашылық жүргізуші субъектілердің нысаны | Дақыл атауы | Жер учаскесі алаңы, мың гектар) | С у лимиті, мың текше метр | Суару тәсілі |
|-------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------|--------------------------------------------|-------------|---------------------------------|----------------------------|--------------|
| 1     | 2                                                                                                       | 3                                                                | 4                                                     | 5                                          | 6           | 7                               | 8                          | 9            |
| Аудан |                                                                                                         |                                                                  |                                                       |                                            |             |                                 |                            |              |
| 1     | АШТӨ 1                                                                                                  |                                                                  |                                                       |                                            |             |                                 |                            |              |
| 2     | АШТӨ 2                                                                                                  |                                                                  |                                                       |                                            |             |                                 |                            |              |
|       | Барлығы                                                                                                 |                                                                  |                                                       |                                            |             |                                 |                            |              |
| Аудан |                                                                                                         |                                                                  |                                                       |                                            |             |                                 |                            |              |
| 1.    | АШТӨ 1                                                                                                  |                                                                  |                                                       |                                            |             |                                 |                            |              |
| 2.    | АШТӨ 2                                                                                                  |                                                                  |                                                       |                                            |             |                                 |                            |              |
|       | Барлығы                                                                                                 |                                                                  |                                                       |                                            |             |                                 |                            |              |
|       | Жиыны                                                                                                   |                                                                  |                                                       |                                            |             |                                 |                            |              |

#### Кестенің жалғасы

| АШТӨ ақы төлеген суаратын судың көлемі, мың (текше метр) | Субсидиялар мөлшері, (бір текше метрге теңге) | Төленген субсидиялар сомасы, мың теңге (10*11) | Облыс мәслихаты бекіткен сома, мың теңге | Ауытқу, мың теңге |
|----------------------------------------------------------|-----------------------------------------------|------------------------------------------------|------------------------------------------|-------------------|
| 10                                                       | 11                                            | 12                                             | 13                                       | 14                |
| Аудан                                                    |                                               |                                                |                                          |                   |
|                                                          |                                               |                                                |                                          |                   |
|                                                          |                                               |                                                |                                          |                   |
| Аудан                                                    |                                               |                                                |                                          |                   |
|                                                          |                                               |                                                |                                          |                   |
|                                                          |                                               |                                                |                                          |                   |

"Суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге арналған субсидияларды пайдалану туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық почтасының мекенжайы \_\_\_\_\_

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

\_\_\_\_\_  
(қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы)

\_\_\_\_\_  
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

"Суармалы су беру бойынша

**"Суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге арналған субсидияларды пайдалану туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме "Суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге арналған субсидияларды пайдалану туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанға тегі мен аты-жөнін көрсете отырып басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға қол қояды.

3. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме**

4. Нысанның 1-бағанында реттік нөмері көрсетіледі.

5. Нысанның 2-бағанында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің (бұдан әрі – АШТӨ) атауы көрсетіледі.

6. Нысанның 3-бағанында АШТӨ-нің жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі

7. Нысанның 4-бағанында кәсіпкерлік субъектісінің санаты (ірі, орташа, шағын) көрсетіледі.

8. Нысанның 5-бағанында шаруашылық жүргізуші субъектілердің нысаны көрсетіледі.

9. Нысанның 6-бағанында дақыл атауы көрсетіледі.

10. Нысанның 7-бағанында жер учаскесінің алаңы көрсетіледі.

11. Нысанның 8-бағанында су лимиті көрсетіледі.

12. Нысанның 9-бағанында суару тәсілі көрсетіледі.

13. Нысанның 10-бағанында АШТӨ ақы төлеген суаратын судың көлемі көрсетіледі.

14. Нысанның 11-бағанында субсидиялар мөлшері көрсетіледі.

15. Нысанның 12-бағанында төленген субсидиялар сомасы көрсетіледі.

16. Нысанның 13-бағанында Облыс мәслихаты бекіткен сома көрсетіледі.

17. Нысанның 14-бағанында ауытқу көрсетіледі. Облыс мәслихаты бекіткен сома мен төленген субсидиялар арасындағы айырмашылық ауытқу болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК